

3. Tajigulova Q.M., Mwsina D.E. *Sin turgısınan oylaw texnologiyasın qoldanw tiimdiligi.* – Almatı, 2006. – 397 bet.
4. Buzawbaqova K.J. *Bilim beridegi innovaciyalıq texnologiyalar* – Taraz, 2014. 243 – 261 bet.
5. Orlova L.G. *Methods of teaching biology: a teaching and methodological manual.* – Kostanay: KSU named after A. Baitursunova, 2019. – 75 p.
6. Numenov O.D. *The system of ecological and pedagogical education of biology students in a pedagogical university.* – Sankt-Petersburg, 2020. – 21 s.
7. Soloveva A.R. *jane t.b. S64 Biologiya: Jalpı bilim beretin mekteptin 8-sınıbına arnalğan oqwlıq / A.R.Soloveva, B.T.Ibraymova.* – Almatı: Atamura, 2018. –288 bet.
8. Asanov N.G. *jane t.b. A87 Jalpı bilim beretin mekteptin 9-sınıbına arnalğan oqwlıq / N.G. Asanov, A.R.Soloveva, B.T.aibraymova.* – Almatı: Atamura, 2019. –272 bet.
9. Oçkwr E.A., Qurmangalieva J.J. *O-95 Biologiya. Jalpı bilim beretin mekteptin 7-sınıbına arnalğan oqwlıq.* – Almatı: Mektep. 2017. – 256 b.
10. Kojanova A., Xamzina Ş., Baydalinova B. *Awıl mektepeterine biologiyanı oqıtwdın jobalıq texnologiyasın qoldaw // Pedagogika jane psixologiya.* – 2023. – № 2(55). – S.223-231: DOI: 10.51889/2077-6861.2023.30.2.023. URL: <https://journal-pedpsy.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/1351> (data obraşçeniya: 12.09.2023)
11. Yakhıyarov A., Doganay Y. *Qala mannında ornalasqan mektepterde storitelling pedagogikalıq tasilin qoldanwdın oqwşılardıń aytilim dagdısin damıtıwına aseri// Pedagogika jane psixologiya.* – 2023. – № 2(55). – S.253–260: DOI: 10.51889/2077-6861.2023.30.2.016. URL: <https://journal-pedpsy.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/1276> (data obraşçeniya: 12.09.2023)
12. Mwsaxan R., Borankwlova Dina Mělovna *Cifrlıq bilim berw reswrstarı arqılı qalıptastırwşı bagalawga arnalğan tapsırmalardı qurastırwdın adisteri // Pedagogika jane psixologiya.* – 2022. – № 4(53). – S.105–115: DOI: 10.51889/1589.2022.67.73.017. URL: <https://journal-pedpsy.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/1116> (data obraşçeniya: 12.09.2023)

ӘОЖ 372.857
ҒТАМР 14.25.07

<https://doi.org/10.51889/1728-8975.2023.77.3.008>

Ғ.И. Исаев*, Б.Б. Сәтенхан

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан, Қазақстан

ОҚУШЫЛАРДЫ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУЫ АРҚЫЛЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдамна

Мақалада білім алушыларға түрлі әдістерді қолдана отырып, өзін-өзі бағалауды оқушылардың бойына қалыптастыру. Білім алушыларды өзін-өзі бағалау іс-әрекеттерін жетілдіре отырып, мәдени қарым-қатынасты қалыптастыру.

Бұл мақалада оқушыларға биологиялық білім беруде өзін-өзі бағалау әдісінің қолданылуы және оқушылар арасында қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың зерттеу нәтижелері қарастырылған.

Оқушыларды өзін-өзі бағалауы арқылы қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру барысында теориялық, эмпирикалық, педагогикалық тәжірибелер мен статистикалық әдістер қолданылды.

Биологиялық білім беруде 7 сынып оқушыларына «Рефлекс және рефлекс доғасы» тақырыбында өзін-өзі бағалау әдісі тәжірибе жүзінде қолданылды. Өзін-өзі бағалау принциптерін

7 сынып оқушыларына қолдана отырып тұлғалық, ізденімпаздылық қабілеттері дамыды. Зерттеу нәтижесінде оқушыларға өзін-өзі бағалауды қалыптастыру әдісінің тиімділігі тәжірибе жүзінде дәлелденді. Оқушылар достарымен, ата-анасымен, ұстаздарымен жоғары деңгейде қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру мақсатында жасалған сауалнама бойынша ақпараттармен қамтамасыз етілді. Зерттеу жұмысының нәтижесінде мектеп оқушыларының арасында қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру үшін жүргізілген сауалнаманың маңызы айқындалды.

Зерттеу нәтижелері бойынша оқушыларға биологиялық білім беруде өзін-өзі бағалау әдісін тұлғаның өз іс әрекеттерін сырттай сыни тұрғыдан бағалауға әдістеме ретінде қолдана алады.

Түйін сөздер: өзін-өзі бағалау әдісі, қарым-қатынас мәдениеті, бағалау принциптері, оқу тәрбие үдерісі, сауалнама

Г.И. Исаяв, Б.Б. Сатенхан*

*Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави,
Туркестан, Казахстан*

ФОРМИРОВАНИЕ КУЛЬТУРЫ ОБЩЕНИЯ ЧЕРЕЗ САМООЦЕНКУ УЧАЩИХСЯ

Аннотация

В статье рассматривается формирование у учащихся самооценки с использованием различных методов. Формирование у обучающихся культурного общения с совершенствованием деятельности по самооценке.

В данной статье рассмотрены применение метода самооценки в биологическом образовании учащихся и результаты исследования формирования культуры общения учащихся.

В процессе формирования культуры общения через самооценку учащихся применялись теоретический, эмпирический, педагогический опыт и статистические методы.

В биологическом образовании для учащихся 7-х классов экспериментально применялся метод самооценки на тему «Рефлекс и рефлексорная дуга». Применяя принципы самооценки к учащимся 7 класса, развивались личностные, любознательные способности. В результате исследования экспериментально доказана эффективность метода формирования самооценки у учащихся. Учащиеся были обеспечены информацией по анкетированию, разработанному с целью формирования культуры общения на высоком уровне с друзьями, родителями, учителями. В результате исследовательской работы определено значение проведенного опроса для формирования культуры общения школьников.

По результатам исследования в биологическом образовании учащихся метод самооценки может быть использован в качестве методики внешней критической оценки собственной деятельности личности.

Ключевые слова: метод самооценки, культура общения, принципы оценки, учебно-воспитательный процесс, анкетирование

*Issaev G. *, Satenkhan B.*

Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkistan, Kazakhstan

FORMING A CULTURE OF COMMUNICATION THROUGH SELF-ASSESSMENT OF STUDENTS

Abstract

The article discusses the formation of students' self-esteem using various methods. Formation of cultural communication among students with the improvement of self-assessment activities.

This article discusses the application of the self-assessment method in the biological education of students and the results of the study of the formation of the culture of communication of students.

In the process of forming a culture of communication through self-assessment of students, theoretical, empirical, pedagogical experience and statistical methods were used.

In biological education for 7th grade students, the self-assessment method on the topic "Reflex and reflex arc" was experimentally applied. Applying the principles of self-assessment to students of the 7th grade, personal, inquisitive abilities developed. As a result of the study, the effectiveness of the method of forming self-esteem in students has been proven in practice. Students were provided with information on the questionnaire, which was developed in order to form a culture of communication with friends, parents, teachers at a high level. As a result of the research work, the importance of the survey for the formation of a culture of communication among schoolchildren was revealed.

According to the results of the study, students can use the method of self-assessment in biological education as a methodology for an externally critical assessment of the individual's actions.

Keywords: self-assessment method, communication culture, evaluation principles, educational process, questionnaire

Кіріспе. Ел президенті Қасым-Жомарт Тоқаев елімізге арнаған Жолдауында - мемлекет дамуының негізі саналатын білім беру жүйесінің өзектілігін мәлімдеді. Жолдау аясында мемлекет басшысы жоғары сынып оқушыларына жаратылыстану - математикалық бағыттағы пәндерді оқытудың маңыздылығын атап өтті [1].

Сыныптағы оқушыларды тиімді басқару мен бақылау мұғалімнің кәсіби шеберлігіне тікелей қатысты, мұғалімнің біліктілігі білім мен оқыту сапасына тікелей әсер етеді [2].

Л.А. Федько, О.И. Тараненко, Е.В. Щепотьева ғалымдарының зерттеулерінде педагогикада «баға» және «бағалау» ұғымдары үлкен мәнге ие. Білім алушыларды бағалау бүгінгі күнге дейін білім беру саласында маңызды болып саналады. Білімгерлерді бағалаусыз кез келген оқу жұмысы барысында танымдық іс әрекеттерді ұйымдастыру мүмкін емес. Білім сапасын бақылау кезінде бағалау бір бөлігі ретінде қарастырылады.

Бағалау жүйесі оқу іс әрекетін бақылауда ғана емес, оқу іс әрекетінің дамуына, оқушының оқу үлгерімін анықтауда қолданылады. Бағалау оқушының іс әрекетін түзетумен қатар, оқытушыларға оқушының оқуға дайындығын анықтауда көмектесетін құрал болып саналады. Білімгердің тәрбие тұрғысынан өзін-өзі бақылауы, білімін өзін-өзі бағалаумен тығыз байланысты. Білімгердің білім, білік, дағды деңгейлерін анықтауда өзін-өзі бағалау үлкен рөл атқарады. Білімгердің өзін-өзі бақылауы, өзін-өзі бағалауы және мінез-құлығы бір-біріне байланысты үдерістер болып саналады. Өзін-өзі бағалау арқылы өз іс әрекеттерін бақылауда ұстайды, мінез-құлығын реттеуіне өз әсерін тигізеді деп тұжырымдаған [3].

Білім беру саласында оқушылардың оқу үлгерімін, оқу жетістіктерін белгіленген стандартқа сәйкес бағалау қолданылады. Әрқашанда білім сапасын анықтау білім алушылардың белгіленген критерийлерге сай бағалау арқылы анықталады. «Оқушының жетістігі» білім мазмұны мен құндылығына өзара байланысты [4].

Өзін-өзі бағалау жүйесі - білім беру саласында оқушы өзін-өзі бақылау арқылы жүзеге асырылатын үдеріс. Бағалау жүйесін шешімін анықтауға қойылатын талаптар:

– Бағалау жүйесі оқу әдістемесін терең меңгерілгенін, тәжірибе барысында қалыптастыруға, оқушының оқу жетістіктерін салыстыруға мүмкіндік береді.

– Бағалау жүйесі оқушының оқуға дайындық деңгейін анықтауға, танымдық қабілеттерінің қалыптасуына, оқу барысында айтылған ақпаратты меңгеруі, оқу үлгерімін анықтауға мүмкіндік береді.

– Оқушыларды бағалау барысында ағымдық және қорытынды бағаларды қоюда нақты болуы қажет.

– Оқушы өзін-өзі бағалау барысында мұғалімнің бағалауымен салыстыруға мүмкіндігі болуы керек.

Бағалау жүйесі әрқашан оқушының, мұғалімнің, ата-анасының, сынып жетекшісі мен мектеп педагогикалық ұжымының арасында байланыс орын алуы қажет [5].

П.В. Епесканың зерттеулерінде білім жолында оқушының өзін-өзі бағалау үдерісіне өзінің мүмкіндіктері, өзін-өзі реттеуі, өзін бақылауы, артықшылықтары мен кемшіліктері әсер етуші фактор болып саналатынын атап өткен.

Оқу-тәрбие үдерісінде білімді дамытудың негізгі бағытын анықтауға мүмкіндік береді.

- Мұғалімнің оқу іс-әрекетін бақылап, нәтижесін бағалауы;
- Білім алушы өз жұмысының нәтижесін бақылауы және өзін-өзі бағалауы;
- Оқушылардың оқу іс-әрекетінің білім, білік дағдысын бақылау, өзін-өзі бағалау арқылы анықтау;

Оқу-тәрбие үдерісінде мұғалімнің оқушы жұмысын бағалауы дәстүрлі. Алайда қазіргі таңда психологиялық-педагогикалық тұрғыдан қарастыратын болсақ, мұғалімнің оқушыны бағалауы кезінде жан-жақты қамтып бағаланады. Бағалау оқушы жұмысының сапалық және сандық көрсеткіштерінің нәтижелеріне сәйкес қойылады. Педагогикалық бағалау объективті болуы қажет, ол оқу жұмысының сапалы болуына байланысты.

«Оқушының өзін-өзі бағалауы» бұл оқушының өз іс-әрекеттері мен оқу жұмысының нәтижелерін бағалау үдерісі болып табылады. Оқу үдерісінде бағалау, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі бағалау құрамдас бөлігі саналады.

Өзін-өзі бағалауды қалыптастыру деңгейлері сипатталады: өте төмен, төмен, орташа, жоғары, өте жоғары.

Өзін-өзі бағалаудың өте төмен деңгейіндегі оқушылар оқу жұмысында талаптарына немқұрайлы қарауымен сипатталады. Сол себепті де өз жұмысын бағалау барысында көптеген қиындықтарға ұшырап жатады. Көп жағдайда төменгі деңгейдегі тапсырмаларды таңдайды.

Өзін-өзі бағалаудың төмен деңгейіндегі оқушылар төменгі деңгейдегі тапсырмаларды толығымен орындайды, ал орташа деңгейдегі тапсырмаларды таңдаған жағдайда тапсырманы толыққанды орындай алмайды.

Өзін-өзі бағалаудың орташа деңгейіндегі білім алушылар орташа және күшті тапсырмаларды орындағанды жақсы көреді. Олар оқу жұмысын жақсы талдайды, орташа деңгейдегі өзін-өзі бағалауға ие.

Өзін-өзі бағалауды қалыптастырудың жоғары деңгейіндегі оқушылар оқу жұмысының сапасы мен шығармашылық мазмұнына терең талдау жүргізеді. Олар әрдайым орташа және күшті жаттығуларды орындайды. Белгілі тақырыпқа сәйкес жаттығулар орындау барысында өз білімдеріне сенімді болып келеді. Алайда бұл деңгейдегі білім алушылардың өзін-өзі бағалауы тұрақсыз болып келеді.

Өзін-өзі бағалауды қалыптастырудың өте жоғары деңгейіндегі оқушылар күшті деңгейдегі тапсырмаларды ғана шешеді. Олар өз жұмысын, құрдастарының жұмысын талдау барысында сапалы талдауға жұмыс жасайды. Өте жоғары деңгейдегі оқушылардың адекватты өзін-өзі бағалайды. Оқу іс-әрекетінде өзін-өзі бағалау дағдылар тұрақты түрде қалыптасқан [6].

Өзін-өзі бағалаудың құрылымы: психологтар өзін-өзі бағалауды екі компонентке бөліп қарастырған. Олар эмоционалды және когнитивті.

– Эмоционалды компонент тұлғаның өзінің көріністеріне және өзіне қатынасы. Өзін жақсы көру, өзін-өзі қабылдау және өзін-өзі бағалау.

– Когнитивті компонент тұлғаның өзі, өзінің қабілеттері мен мүмкіндіктері, өзінің күшті және әлсіз жақтары. Бұл үдеріс өзін-өзі тануына, өзін-өзі бағалау деңгейіне негіз болады [7].

М.В. Рябова, И.В. Михалец ғалымдарының зерттеулерінде Психологияда адамның өзін-өзі бағалауы төмендегідей сипатталады:

- Өзін-өзі бағалау деңгейіне байланысты жоғары, орташа немесе төмен болуы мүмкін;

- Өзін-өзі бағалаудың шынайылығы бойынша адекватты және бейадекватты болуы мүмкін;
- Өзін-өзі бағалаудың құрылымының ерекшеліктеріне байланысты қақтығысты және қақтығыссыз болуы мүмкін;
- Өзін-өзі бағалау қарым-қатынас барысында болжамды, өзекті, ретроспективті болуы мүмкін;
- Өзін-өзі бағалаудың тұрақтылығына байланысты тұрақты және тұрақсыз болуы мүмкін [8];

А.М. Кудайбергенова, Г.Ғ. Батаева ғалымдарының зерттеулерінде адам өзінің жан дүниесінің қаншалықты рухани бай екендігін, адамдармен байланыс орнату кезінде өзінің мәдениетін көрсетеді. Қарым-қатынас мәдениеті - баланың бойындағы қасиеттерге негізделе отырып, адамгершілік қасиетін қалыптастыруға бағытталатын, саналы түрде жасалынатын іс әрекеттерінің жиынтығы болып табылады.

Балалар қарым-қатынас құру барысында өзінің психологиялық қасиеттерін айқындай түседі. Мәселен адамдар бір-бірімен байланыс құру барысында эмоция сезімі орын алып жатады. Эмоциялық көріністер психологияда сезім, эмоция, аспектілер деп үш түрмен сипатталады. Әдетте адамдар үшін осы үшеуінің ішіндегі сезімнің алар орны ерекше болып көрінеді. Сезімнің өзін екі топқа бөліп қарастыра аламыз:

конъюнктивті – адамдарды өзіне жақындату арқылы бірлесе жасалатын іс әрекеттер жиыны;

дизъюнктивті – адамдар бірін-бірі қашықтыққа итермелейтін сезімдер;

Балалар жас ерекшеліктеріне сәйкес қарым-қатынасты дұрыс қалыптастыру барысында қиындықтарға тап болуы мүмкін. Себебі мектепке барғанға дейін балалар ересектермен араласқанды қалауы, кейін уақыт өте келе бұл балалардың жастарының өсуіне сәйкес құрбыларымен, достарымен араласуға қызығушылық танытуы табиғи құбылыс. Балалардың ойлау жүйесінің есеюіне байланысты, ұстаздармен, ата-анасымен дұрыс байланыс орната алмауы мүмкін. Өйткені ата-аналарымен, ұстаздарын өздерін әлі де бала деп санайды деп ойлауының салдарынан түсініспеушіліктер орын алады. Балалардың мінез-құлығы дұрыс қатынас құруда маңызды болып саналады. Адамдармен мәдени араласу өз мінез-құлығын басқаруға, адамдармен дұрыс тіл табыса білуге негізделген. Баланың адамға жанашырлық, адамгершілік, мейірімділік қасиеттерін қалыптастыру арқылы қарым-қатынас мәдениетін көтеруге болады.

Білімгерлердің бойынан мотивтік, білімділік, дағды, икемділік компоненттері арқылы мәдени қарым-қатынас қалыптастыруға болады:

мотивтік компонент – белсенді қарым-қатынас орнату, жағымды атмосфераны қалыптастыру, көшбасшылық қасиетінің қалыптасуына негізделген болып табылады.

білімділік компонент – адамдармен дұрыс қарым-қатынасты ұстана білу, сөздік қордың мол болуы, адамдармен дистанция сақтай отырып қарым-қатынаста болу және бағалай білу болып табылады.

дағды, икемділік компоненті – әңгіме барысында сөйлеу дағдысын қалыптастыру, ұйымдастыру икемділігі, талдау жасай білу, өзін-өзі реттей алу икемділігі және алдыға мақсат қоя білу [9].

М.В. Пастухованың еңбегінде ғылым саласында және психологияда өзін-өзі бағалау мәселелері кеңінен зерттелуде. Өзін-өзі бағалаудың түрлері мен даму сатылары жөнінде ақпараттар көп. Дегенмен, психологияда өзін-өзі бағалау адамның өз мүмкіндіктері мен қасиеттерін айқындауға мүмкіндік береді. Жеке тұлға өз өзін бағалау отырып өзін реттей алады. Адам өзіне қойған талабы, өзгелермен қарым-қатынас орната білуі, өзіне деген сыни көзқараспен қарауы, алдыға қойған мақсаттарына сәйкес іс әрекеттер жасалуы бәрі бағалау арқылы жүзеге асырылады. Психологтардың еңбектеріне көз жүгіртсек, өзін-өзі бағалау адасның танымдық қасиеттерін арттырып, адамдармен қарым-қатынасын деңгейін арттыруға, тұлғаға тәрбиелік әсер етететінін атап өткен.

Психологияда өзін-өзі бағалау төмендегідей үш деңгеймен сипатталады. Олар: жоғары, орташа және төмен деңгей:

- Өзін-өзі бағалау адекватты және бейадекватты деп екі түрге бөлінеді;
- Өзін-өзі бағалаудың құрылыс ерекшелігіне қарай жанжалды және жанжалсыз деп топтастырған;
- Өзін-өзі бағалауды болжамды, ретроспективті, өзекті деп қарастырған;
- Аталған әдісті тұрақты деп жеке қарастырған;

Өзін-өзі бағалау зерттеу тәсіліне байланысты бірнеше топқа бөлінеді:

1. Тұлғаның өзін-өзі бағалауы өзін танып білуіне, жеке көзқарасының қалыптасуына негіз болады;
2. Құрылымы бойынша өзін-өзі бағалау тұтас құрылымдармен құрамдас бөліктерден, күрделі жүйелерді қамтиды;
3. Өзін-өзі бағалау іс әрекеттердің сапалы нәтиже көрсетуін қарастыратын тәсіл болып саналады;
4. Динамикалық тәсіл деп аталтын бұл кезеңде өзін-өзі бағалау тұлғаның жас ерекшеліктеріне байланысты өзгеруіне әсер етеді;
5. Психопатологиялық тәсіл – тұлғаның өзін-өзі бағалауы адамның психикалық денсаулығының көрсеткіші ретінде қарастырылады;
6. Функционалды тәсіл – адамның негізгі іс әрекеттеріне негізделген деп тұжырымдаған [10];

Зерттеу әдістері. Зерттеу жұмыстары Түркістан қаласындағы Төле би атындағы №19 жалпы орта мектебінде жүргізілді. 7 сынып оқушылары зерттеу жұмысының нысаны ретінде қарастырылды. Зерттеу жұмысы барысында білім алушыларға, эмперикалық, өзін-өзі бағалау, тәжірибелік әдіс сынды бірқатар әдістер қолданылды.

Зерттеудің теориялық әдісі оқушыларға әдебиет көздерімен жұмыс жасауға, оны жүйелеуге мүмкіндік берді.

Эмперикалық әдіс ретінде оқушылардың білім алуда өзін-өзі бағалауы, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру мақсатында сауалнама, бақылау әдістері қолданылды.

Сауалнамаға 7 «а», «ә», «б», «в» сыныптарының 98 оқушыларынан сауалнама алынды. Сауалнамада сұрақтар онлайн түрде АКТ-ны қолдану арқылы Google платформасында құрастырылды. Оқушылардан сілтемені қолдану арқылы анонимді түрде сауалнама алынды. Сауалнамада кездесетін сұрақтарға жасөспірімдер бір жауапты таңдау арқылы және өз нұсқасы бойынша жауап берілді.

Бақылау әдісі эмперикалық әдістің бір түрі болып саналады. Бақылау әдісін оқытушы тарапынан алдын ала жоспарланып жасалынған оқушыларға тәжірибе жүзінде өзін-өзі бағалауға бағытталған әдіс болып табылады.

Тәжірибелік әдіс зерттеу нысанына сәйкес тәжірибеге негізделген, арнайы бақылауды талап ететін зерттеу әдісінің тиімді түрі. Оқушылар «Рефлекс және рефлекс доғасы» тақырыбында жұмыс жүргізілді. Оқушыларға «Миға шабуыл», «Кестемен жұмыс», «Суретпен жұмыс», «Сабақтағы проблемалар кестесі» әдістерін қолдана отырып, өзін-өзі бағалауы арқылы алынған нәтижелерге талдау жасалынды.

Зерттеу нәтижелерін талқылау. Зерттеу жұмысы Төле би атындағы №19 жалпы орта мектебінің 7 «а», «ә», «б», «в» сыныптарының оқушыларынан сауалнама алынды. Оқушылардан сауалнама алудың мақсаты: оқушылардың достарымен, ұстаздарымен қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру. Қарым-қатынас мәдениетін анықтау мақсатында балалардан анонимді түрде өз ойларын анықтау үшін сауалнама алынды.

Зерттеу жұмысы кезінде оқушылардың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру мақсатында төмендегідей сұрақтардан құралды.

1. Оқушы мен мұғалім арасында қарым-қатынас деңгейі қандай?
2. Ата-ана мен бала арасында түсініспеушіліктер жиі орын алды ма?
3. Мұғалімдермен жиі түсініспеушіліктер орын алады ма?
4. Қойылған бағаға келіспеушілік болады ма?
5. Төмен баға алуыңызға байланысты сыныпта кемсіту орын алады ма?
6. Сыныпта өз ойыңызды еркін жеткізе аласыз ба?
7. Достарыңызбен еркін араласасыз ба?
8. Достарыңызбен келіспей қалу орын алды ма?
9. Сабақтан алған баға достық қарым-қатынасқа өз әсерін тигізеді ме?
10. Жаңа ортада өзіңізді қалай ұстайсыз?

Жоғарыдағы сұрақтарға балалардың жауап беруі арқылы деңгейі айқындалды. Балалардың мәдени орта қалыптастыруына бірден бір негіз ортаны дұрыс тандай білу я болмаса, сол ортаны дұрыс қалыптастыру. Баланың ортасының жақсы болуы оның ой өрісінің өсуімен, саналы іс әрекеттерге жетелейді. Бойындағы мәдени болмысын қалыптастыру, жақсы қасиеттерімен қабілеттерін дұрыс жағынан көрсете білуі. Сабарлы, салмақты ойлармен іс әрекеттер жасауына түрткі болады. Оқушылардың айқындаушы кезеңінің нәтижелері 1-диаграммада көрсетілген.

Оқушылардан ата-анасымен, ұстаздарымен, достарымен жақсы байланыс орнату мақсатында ақпараттар алынды. Түсіндірме жұмыстары жүргізілді, бұл іс әрекеттер тұлғаның мәдени болмысын қалыптастыруға негізделеді.

Жеткіншектердің сабақ барысында достарымен дауласып қалып жататыны қалыпты жағдай алайда, олардың бұл іс әрекеттерін қазіргі сәттен бастап тәрбие жұмыстары жүргізілмесе бұл дағдыға айналуы мүмкін. Сондықтан тәрбие жұмыстарымен көп жұмыс жасау керек, ата-аналармен ұстаздар арасында жақсы байланыс орната білу керек. Баланы уақытылы қадағалау, сабақ үлгерімін бақылауда ұстау қажет. Бала бұл кезеңде психологиялық түрде қалыптаса бастаған сәттен бастап дұрыс бақылау жасай отырып, баланы саналы іс-әрекеттерді жасай білуі ақыл ойының толық қалыптасуына байланысты. Қорытынды сауалнама бойынша нәтижелері төмендегі 1-диаграммада көрсетілген.



Сурет – 1. Айқындаушы кезең

Қорытынды сауалнама алу барысында оқушылардың анықтау кезеңіндегі деңгейінен алдыға қадам басқанын айқын көруге болады. Жоғарыда айтылып өткендей ата-анамен бала арасындағы түсініспеушіліктің орын алуын сауалнама барысында сұрақ ретінде қойылған болатын. Түсіндірме жұмыстарының оқушыларға оң әсерін тигізгенін 2-диаграммада көрсетілген нәтижелерден анықтауға болады.



Сурет – 2. Оқушылардың қарым-қатынас деңгейінің көрсеткіштері «Рефлекс және рефлекс доғасы» тақырыбына бағытталған жұмыс кезеңдері

I кезең. Сабақ барысында оқушылардың өзін-өзі бағалау жұмыстарын ұйымдастыру

II кезең. «Рефлекс және рефлекс доғасы» тақырыбын білім алушыларға түсіндіру

III кезең. Жаңа тақырыпқа талдау жасау

IV кезең. Білім алушылар өзін-өзі бағалау

V кезең. Қорытындылау кезеңі

Ұйымдастыру кезеңінде оқушыларға «Жүректен жүрекке» әдісі арқылы оқушылардың бір-біріне тілек айтуы арқылы жасөспірімдерді мейірімділікке баулу болып табылады. Аталған әдісті қолданудағы негізгі мақсатымыз оқушылардың бір-бірін мұқият тыңдау, барлық оқушыларды сабаққа белсенді қатысуын қамтамасыз ету болып табылады. Жақсы қарым-қатынас қалыптастыру үшін тиімді болып саналады.

Жаңа сабақты өткен сабақпен байланыстыру мақсатында оқушыларға «Миға шабуыл» әдісі қолданылды, мұнда оқушылар «Жұлынның құрылысы қандай?», «Жұлынның атқаратын қызметіне қарай бөлінеді?», Жұлынның ұзындығы мен сегменттер саны?», «Жұлын қайда орналасқан?» және тағы басқа сұрақтарға белсенді жауап берді.

Сабақ барысында оқушылар рефлекс доғасына анықтама берілгеннен кейін «Кестемен жұмыс» әдісі қолданылды. Аталған әдіс барысында кестеде берілген сұрақтардың дұрыс жауабын сәйкестендірді. Келесі оқушыларға «Суретпен жұмыс» әдісі қолданылды. Оқушылардың есте сақтау қабілетін арттыру мақсатында қолданылды. Бұл әдіс барысында жүйке орталығын, тізе рефлексі кезінде аяқтың қалпын анықтап сипаттама берді.

Сабақты қорытындылау мақсатында «Сабақтағы проблемалар кестесі» арқылы кері байланыс орнатамыз бұл тұста оқушылар сабақ барысында туындаған қиындықтарды, себебі мен шешімін атап көрсетті.

Білім алушылардың «Рефлекс және рефлекс доғасы» тақырбын қаншалықты меңгергені төмендегі 3-диаграммадан көрсетілген. Сабақ барысында рефлекс тақырыбын толық меңгергенін анықтау мақсатында түрлі тапсырмалар мен әдістер қолданылды. Нәтижесінде 8 оқушы жоғары деңгейде, 12 оқушы орта деңгейде меңгергенін және қалған 4 оқушы тақырыпты толық меңгере алмағаны анықталды. Сабақ соңында сарапшылардың ой пікірлерімен, ұсыныстары айтылды.



Сурет – 3. Білім алушылардың сабақ барысындағы нәтижелері

Қорытынды. Биологиялық білім беруде оқушылардың өзін-өзі бағалауы әдісін оқушылар бойына қалыптастыру барысында көптеген жұмыстар жүргізілуімен қатар талмай еңбектенуді талап етеді. Сабақ барысында оқушыларға тек жаңа сабақты түсіндіріп қана қоймай, сабақ кезінде құрдастарымен өзара мәдени қарым-қатынасты қалыптастыруға баулу.

Білім алушылар рефлекстік доға бөлімдерімен толық танысып, жаңа ақпараттармен қамтамасыз етілді. Сабақ кезінде алған теориялық білімдерін оқушыларға өзін-өзі бағалау әдісі бойынша «Миға шабуыл», «Кестемен жұмыс», «Суретпен жұмыс» әдістері қолданылды.

Білім алушылардың достарымен, ата-анасымен, ұстаздарымен жоғары деңгейде байланыс орнатуы арқылы мәдени болмысты қалыптастыру мақсатында сауалнама бойынша ақпараттармен қамтамасыз етілді. Зерттеу нәтижесінде білімгерлердің арасында қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру үшін жүргізілген сауалнаманың маңызы айқындалды.

Зерттеу нәтижесі білімгерлерге биологиялық білім беруде өзін-өзі бағалау әдісін тұлғаның өз әрекеттерін сыни тұрғыдан бағалауға әдістеме ретінде қолдана алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. <https://bilimdinews.kz/?p=213255>
2. Issayev, A., Ortayev, B., Issayev, G., Baurzhan, D., & Gulzhaina, A. Improving the supervisory competence of future teacher trainers with the help of innovative technologies. *World Journal on Educational Technology: Current Issues*. 14(3), 2022. – 692-703. <https://doi.org/10.18844/wjet.v14i3.7276>
3. Федько Л. А., Тараненко О. И., Щепотьева Е. В. Самоконтроль и самооценка как составляющие самоорганизации в современном учебном процессе // *Современная наука: актуальные проблемы теории и практики. Серия: гуманитарные науки*. – 2020. – №. 06/2. – С. 98-101.
4. Ещанова Ж. А. Мектеп оқушыларының оқу жетістіктерін бағалау формалары. Қостанай: КРУ – 2021.

5. Казиев К. О., Сағатбекқызы Г. Дарынды оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың мазмұны. Қостанай: КРУ – 2022.
6. Ереско П. В. Формирование самооценки школьника в процессе контроля знаний, умений, навыков : дис. – Саратов : Саратов. гос. университет им. НГ Чернышевского, 2004.
7. Улябаева Г. Ш., Шакирова Д. М. Самооценка-что это такое: понятие, структура, виды и уровни. Коррекция самооценки //Скиф. Вопросы студенческой науки. – 2019. – №. 5-1 (33). – С. 389-392.
8. Рябова М. В., Михалец И. В. Ценности и самооценка личности студента1 //Воспитание в современных условиях: региональный аспект. – 2021. – С. 158.
9. Kudaybergenova A. M., Batayev G. G. Жоғары сынып оқушыларының қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру ерекшеліктері. Работа социального педагога по формированию культуры общения старшеклассников //Вестник КазНУ. Серия психологии и социологии. – 2015. – Т. 52. – № 1.
10. Пастухова М. В. Теоретические аспекты психологического изучения самооценки личности //Известия Самарского научного центра Российской академии наук. – 2010. – Т. 12. – №. 5-2. – С. 460-462.

References:

1. <https://bilimdinews.kz/?p=213255>
2. Issayev, A., Ortayev, B., Issayev, G., Baurzhan, D., & Gulzhaina, A. Improving the supervisory competence of future teacher trainers with the help of innovative technologies. *World Journal on Educational Technology: Current Issues*. 14(3), 2022. – 692-703. <https://doi.org/10.18844/wjet.v14i3.7276>
3. Fedko L. A., Taranenko O. I., Şepoteva E. V. Samokontrol i samoosenka kak sostavläiuşie samoorganizatsii v sovremennom uchebnom prosese //Sovremennaiia nauka: aktuälnye problemy teorii i praktiki. Seria: gumanitarnye nauki. – 2020. – №. 06/2. – S. 98-101.
4. Eşanova J. A. Mektep oquşylarynyñ oqu jetistikterin bağalau formalary. Kstanay:KRU. – 2022.
5. Kaziev K. O., Sağatbekqyzy G. Daryndy oquşylardyñ oqu jetistikterin bağalau dyñ mazmüny. Kstanay:KRU. –2022.
6. Eresko P. V. Formirovanie samoosenki şkölnika v prosese kontrolä znani, umeni, navykov : dis. – Saratov : Saratovskii gos. universitet im. NG Chernyševskogo, 2004.
7. Üläbaeva G. Ş., Şakirova D. M. Samoosenka-chto eto takoe: ponätie, struktura, vidy i urovni. Koreksia samoosenki //Skif. Voprosy studencheskoï nauki. – 2019. – №. 5-1 (33). – S. 389-392.
8. Räbova M. V., Mihales İ. V. Senosti i samoosenka lichnosti studenta1 //Vospitanie v sovremennyh usloviah: regionälnyi aspekt. – 2021. – S. 158.
9. Kudaybergenova A. M., Batayev G. G. Joğary synyp oquşylarynyñ qarym-qatynas mädenietin qalyptastyru erekşelikteri. Rabota sosiälnoġo pedagoga po formirovaniu kültury obşenia starşeklassnikov //Vestnik KazNU. Seria psihologii i sosiologii. – 2015. – Т. 52. – №. 1.
10. Pastuhova M. V. Teoreticheskie aspekty psihologicheskogo izuchenia samoosenki lichnosti //İzvestia Samarskogo nauchnogo sentra Rosiskoi akademii nauk. – 2010. – Т. 12. – №. 5-2. – S. 460-462.